

АНЫҚТАМА

сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау туралы

«27» сәуір 2026 жыл

Атырау қаласы

«№1 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК қызметінде (бұдан әрі - Емхана) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жұмыстары - «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» 06.04.2026 жылғы №67 н/к бұйрыққа сәйкес комплаенс-менеджер К.Кистаубаевпен жүргізілді.

Жүргізілген ішкі талдау барысында емхананың қызметін қозғайтын нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормалар, оның ішінде лауазымды тұлғалардың өз қалауы бойынша шешім қабылдауына әсер ететін, жеке және заңды тұлғалардың өз құқықтарын жүзеге асыруына кедергілер жасауға ықпал ететін ережелер, заңдылықтарды еркін түсіндіру мүмкіндігін тудыратын құқықтық оқиғалар анықталған жоқ.

Қазіргі уақытта штат саны /2025 жылдың 12 айымен салыстырғанда/ 405,50 /393/.

Оның ішінде дәрігерлер – 98 /92,5/, фармацевт - 3.0 /3.0/, орта буын қызметкерлері - 221,50 /217,75/, кіші буын мамандары – 25.5 /25.5/, өзге де персоналдар – 57.50 /57.25/ құрайды.

Аталған мерзім ішінде емхана қызметкерлерімен сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттерге, сондай-ақ әдептілік нормалары мен мінез-құлық қағидаларының талаптарын бұзу жағдайларының орын алуына жол берілмеген.

Бұқаралық ақпарат құралдарында емхана қызметкерлерінің әрекетіне қатысты оның ішінде интернет-ресурстарында, әлеуметтік желілерде, facebook, Instagram парақшаларында сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын сыни немесе жағымсыз материалдар жарық көрмеген.

Емхананың ресми сайтына 4 сәуір 2026 жылы жүргізілетін ішкі талдау жұмыстары жөніндегі жарияланған хабарландыру бойынша да қандай да бір ақпараттар келіп түспеген.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау бағыты бойынша жемқорлық тәуекелдігіне шалдыққан тұлғалар, мүдделер қақтығысының, оның ішінде лауазымды тұлғаның жеке мүдделері олардың өз міндеттерін немесе өкілеттіктерін тиісті, объективті және бейтарап орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін жағдайлар және қызметкерлердің үлестес болу фактілері анықталған жоқ.

«ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатының 2022-2026 жылдарға арналған тұжырымдамасын» іске асыру шеңберінде емхананың 2024-2026 жылға арналған іс-шаралар жоспары жасақталып, іске асырылуда.

Одан бөлек, емхана қызметінде Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, мүдделер қақтығысын болдырмау және реттеу жөніндегі саясат, корпоративтік әдеп және мінез-құлық кодексі, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет туралы ереже, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі нұсқаулық бекітілген.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған қызметкерлер арасындағы ұжымдық кездесулер әр тоқсан сайын: 5 наурыз 2025 жылы, 23 маусым 2025 жылы, 29 қыркүйек 2025 жылы, 18 желтоқсан 2025 жылы және 4 ақпан 2026 жылы тұрақты түрде ұйымдастырылған.

Кездесу барысында қолданыстағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптары, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және сыбайлас жемқорлықтың профилактикасы мен оған қарсы күрес мәселелері бойынша құқықтық-ақпараттық түсіндіру іс-шаралары жүргізілген.

Талдау нәтижесі бойынша «№1 Атырау қалалық емханасы» ШЖҚ КМК қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

ҰСЫНЫС:

- өз құзыреті шегінде емхананың әрбір қызметкері сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға, алдын алуға және оған жол бермеуге;
- ұжымда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға;
- ішкі талдау нәтижелерін жария талқылау үшін емхананың ресми сайтына орналастыруға.

комплаенс офицер



К.Кистаубаев